

"Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 2 маусымдағы № 367 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 27 шілдедегі № 238 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 29 шілдеде № 21031 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 2 маусымдағы № 367 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 6321 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 556-559 (26402) сандарында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

C. Омаров

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2020 жылғы 27 шілдедегі

№ 238 бұйрыққа

қосымша

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2010 жылғы 2 маусымдағы  
№ 367 бұйрығымен  
бекітілген

## **Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру, жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидалары**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру, жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабы 39) тармақшасына сәйкес әзірленді және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дереккорды қалыптастыру, жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дереккор (бұдан әрі - дереккор) - диагностикалық зерттеулер нәтижелерін қоса алғанда, жануардың жеке нөмірі туралы, оны ветеринариялық дауалау туралы деректерді, сондай-ақ жануардың иесі туралы деректерді тіркеудің бірыңғай, көпденгейлі жүйесін көздейтін, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар жүзеге асыратын және уәкілетті орган пайдаланатын ветеринариялық есепке алушын бір бөлігі;

2) бір реттік құпиясөз - пайдалануышыны аутентификациялаудың бір сеансы үшін ғана жарамды құпиясөз;

3) ветеринария саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - ветеринария саласындағы басшылықты, сондай-ақ өз құзыреті шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) дереккорға қолжетімділік - дереккорға деректерді енгізу, өзектендіру, жаңарту, танысу, көшіруді, талдауды және деректер базасындағы мәліметтермен жүргізілетін басқа да операцияларды қоса алғанда, оны өндеу;

5) дереккордан үзінді көшірме - жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы мамандары ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дереккордан үәкілетті орган бекіткен тәртіппен және нысанда жануарлар иелерінің талап етуі бойынша алатын, диагностикалық зерттеулер нәтижелерін қоса алғанда, жүргізілген ветеринариялық іс-шаралардың мерзімдері мен сипаты туралы мәліметтер;

6) мәліметтер - жануардың жеке нөмірі туралы, диагностикалық зерттеулер нәтижелерін қоса алғанда, оны ветеринариялық өндеу туралы деректерді, сондай-ақ жануардың иесі туралы деректерді тіркеу туралы деректер (ақпарат);

7) оператор - мемлекеттік ақпараттық жүйені сұйемелдеуді жүзеге асыратын занды тұлға;

8) пайдаланушы - дерекқорда нақты функцияларды және (немесе) міндеттерді орындау үшін ақпараттандыру объектілерін пайдаланатын ақпараттандыру субъектісі;

9) уәкілетті органның ведомствоы (бұдан әрі - ведомство) - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті.

3. Дерекқордың жұмыс істеуі тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ақпараттық жүйе) шеңберінде жүзеге асырылады.

4. Дерекқор мыналарға арналады:

1) жануарларды, жануарлар топтарын бірдейлендірудің бірыңғай қағидаттарын және оларды мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз ету;

2) жануарлардың республика ішінде және олардың экспортты мен импорты кезінде орын ауыстыруын бақылаудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесін құру;

3) эпизоотияға қарсы, ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралардың дұрыстығын қамтамасыз ету;

4) жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық-санитариялық жай-күйін, сапасын және шығу тегін бақылауды қүшету;

5) мемлекеттік органдарды жануарлар туралы ақпаратпен қамтамасыз ету;

6) жануарлар базасы туралы: мал шаруашылығы өнімдерінің нарықтарын басқаруды және болжауды жақсарту үшін жынысы, жасы, тұқымдық тиесілілігі және олардың орналасқан жері туралы ақпарат алу;

7) селекциялық бағдарламаларды әзірлеу мен орындауды және мал шаруашылығында технологиялық жүйелерді ұйымдастыруды онтайландыру;

8) ветеринария саласындағы тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру және оның жұмыс істеуі;

9) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды және қадағалауды қоса алғанда, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүргізу.

5. Дерекқор электронды түрде жүргізіледі. Дерекқорды жүргізу дерекқорға рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмауды қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылады.

6. Дерекқорға қолжетімділік ведомствомен келісу бойынша "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Занына (бұдан әрі - Ақпараттандыру туралы зан) сәйкес беріледі.

7. Дерекқорды жүргізу мыналардан тұрады:

1) осы Қағидалардың 38-тармағында көрсетілген мәліметтерді дерекқорға енгізу;

2) дерекқорға енгізілген (бар) мәліметтерді өзекті ету (жанарту);

3) дерекқордағы мәліметтерді талдау және өндөу.

8. Ветеринариялық іс-шараларды (профилактикалық вакциналау, аллергиялық зерттеулер, диагностикалық зерттеулер, жануарларды бірдейлендіру) қоспағанда, осы Қағидалардың 38-тармағында көрсетілген мәліметтерді дерекқорға енгізу және дерекқорға енгізілген (бар) мәліметтерді өзектендіру (жаңарту) берілген ветеринариялық құжаттар (ветеринариялық анықтама, ветеринариялық сертификат) және (немесе) Заңның 25-бабының 6) тармақшасына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың хабарламалары бойынша және (немесе) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау нәтижелері бойынша оқиғаларды қоса алғанда, оқиғалар (жануардың тууы, пайдалану құқығын беру, иелену, сатып алу, сату, ұрлау, сою немесе өлу (қырылу)) расталған (анықталған) күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Ветеринариялық іс-шаралар (профилактикалық вакциналау, аллергиялық зерттеулер, диагностикалық зерттеулер, жануарларды бірдейлендіру) бойынша мәліметтерді дерекқорға енгізу және дерекқорға енгізілген (бар) мәліметтерді өзектендіру (жаңарту) ветеринариялық іс-шаралар жүргізу барысында, бірақ олар жүргізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Дерекқорға аллергиялық және диагностикалық зерттеулердің нәтижелері туралы мәліметтерді енгізу мемлекеттік ветеринариялық зертханадан диагностикалық зерттеулердің нәтижелері алынған және аллергиялық зерттеулер оқып таныстырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

9. Осы Қағидалардың 38-тармағында көзделген мәліметтер өзгерген жағдайда, оларды дерекқорға енгізу осындай өзгерістер басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

10. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар дерекқорға енгізілген (өзектендірілген, өзгертілген) мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

11. Дерекқормен жұмыс істеу кезінде пайдаланушы дерекқорда оператор өзірлеген және орналастырған дерекқормен жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулықты (әдістемені) басшылыққа алады.

## **2-тaraу. Дерекқорға қол жеткізу тәртібі**

12. Пайдаланушины тіркеу (есепке алу жазбасын жасау) және оған дерекқорға қол жеткізу құқықтарын беру (немесе оны өзгерту) рәсіміне ұйым басшысының хатын және дерекқорға қол жеткізу деңгейіне қарай еңбек қатынастарын, жұмыстан босатуды, өтініш берушінің ұйымы ішінде басқа жұмысқа ауыстыруды, пайдаланушиның дерекқордағы жұмысына байланысты функционалдық міндеттерін кеңейтуді (азайтуды), сондай-ақ пайдаланушиның функционалдық міндеттеріне, бекітіліп берілуіне, еңбек

шартына сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерге және ауыл шаруашылығы құралымдарына, шаруа, фермер қожалықтарына қызмет көрсетуін растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсына отырып, оған осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайдалануышының есепке алу жазбасын тіркеуге (жасауға) және ақпараттық жүйеге (дерекқорға) қол жеткізу құқықтарын беруге (немесе оны өзгертуге) арналған өтініммен (бұдан әрі - өтінім) бастамашылық етіледі.

Пайдалануышының есепке алу жазбасы дербес бірегей логиннен және құпиясөзден тұрады, онымен ол дерекқорда тіркеліп, жұмыс істейді.

Өтінім беруші өтінімді ведомствоның мекенжайына хатпен жібереді.

13. Дербес бірегей логин құру, дерекқорға қолжетімділік құпиясөздерін пайдалану, ауыстыру және қолданылуын тоқтату процестерінің ұйымдастырылуын қамтамасыз етуді және пайдалануышының іс-қимылдарын бақылауды оператор берілген өтінімдер негізінде жүзеге асырады.

14. Берілген өтінімдер негізінде оператор өтінімді алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде дерекқорға кіру үшін пайдалануышының электрондық почтасына дербес бірегей логинді және бір реттік құпиясөзді немесе өтінімді қанағаттандырудан жазбаша бас тартуды жібереді.

Алғаш кірген кезде ақпараттық қауіпсіздік мақсатында дерекқор бір реттік құпиясөзді жаңа құпиясөзге ауыстыруды сұрайды.

Бір реттік құпиясөзді дерекқор операторы түрлендіреді және пайдалануышының көрсетілген электрондық почтасына ақпараттық жүйе автоматты түрде жібереді. Жаңа құпиясөзді пайдалануышының өзі ойлап табады.

Әрбір 30 (отыз) күн сайын дерекқор автоматты түрде құпиясөзді өзгертуді сұрайды. Ескі және жаңа құпиясөз бірдей болмауы керек.

15. Пайдалануышға дербес бірегей логин және құпиясөзді беруді оператор осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайдаланушыларды тіркеу және дербес бірегей логиндерді, құпиясөздерді беру журналында тіркейді.

16. Дерекқорда жұмыс істеу кезінде:

- 1) бір жеке бірегей логинді бірнеше пайдалануышының пайдалануына;
- 2) пайдалануышының өзінің жеке бірегей логинін және құпиясөзін басқа адамдарға беруіне жол берілмейді.

17. Ақпараттық қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз ету үшін дерекқорға қолжетімділікті ұсыну мерзімі осы Қағидалардың 18 және 19-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, бір күнтізбелік жылмен шектелген. Бұл шектеулерді оператор есепке алу жазбасын жасау кезінде белгілейді.

18. Жұмыстан босатылған, ұйым ішінде басқа жұмысқа ауыстырылған, пайдалануышының дерекқордағы жұмысына байланысты функционалдық міндеттері көбейген (азайған) жағдайда, ұйым басшысының хаты мен жұмыстан босатылғанын, ұйымының ішінде басқа жұмысқа ауыстырылғанын, пайдалануышының дерекқордағы

жұмысына байланысты функционалдық міндеттерінің көбейгенін (азайғанын) растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріле отырып, жаңадан берілген өтінім негізінде пайдаланушының құқықтарын өзгерту жүргізіледі.

19. Дерекқорда 90 (тоқсан) құнтізбелік күннен астам уақыт қызметін жүзеге асырмашан пайдаланушының есепке алу жазбасын дерекқор автоматты түрде бұғаттайды.

20. Осы Қағидалардың 19-тармағында көрсетілген негіз бойынша бұғатталған есепке алу жазбаларын белсенді ету үшін, сондай-ақ өтініш беруші құпиясөзді және (немесе) дербес бірегей логинді жоғалтқан, дербес бірегей логинді және құпиясөзді сақтау жөніндегі талаптарды қамтамасыз етпеген кезде ұйым басшысының хаты мен еңбек қатынастарын растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріле отырып, дерекқордағы бұғатталған есептік жазбаларды іске қосу үшін қайта өтінім беріледі.

21. Пайдаланушылар қызмет жағдайына қарамастан осы Қағидалардың талаптарын орындауды және осы ақпаратқа рұқсаты жоқ пайдаланушыларға дерекқордан ақпарат беруді болдырмау бойынша шаралар қабылдайды.

22. Дерекқорға қолжетімділікті оператор ведомствомен жазбаша келісу бойынша береді. Оператор пайдаланушының растауши құжаттары бар өтінімді осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген растауши құжаттармен оны алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ведомствоға жібереді, оған ведомство 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей операторға себептерін көрсете отырып жазбаша келісімді немесе уәжді бас тартуды жібереді.

Осы Қағидалардың 38-тармағында көрсетілген мәліметтерді енгізуі және мәліметтерді өзектендіруді (жаңартуды) жүзеге асыратын пайдаланушылар үшін дерекқорға қолжетімділік міндеттері, бекітіліп берілуі, еңбек шарты және басқа да құжаттамалар бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде немесе ауыл шаруашылығы құралымдарында, шаруа, фермер қожалықтарында ветеринариялық іс-шараларды жүргізуге тиісті функциялар берілген пайдаланушыларға ғана беріледі.

Өздеріне бекітіліп берілген функцияларды орындау кезінде дерекқордағы ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді талдауды және өндеуді, мәліметтердің дерекқорға уақтылы және дұрыс енгізілуін, жануарлар иелерінің жануарларға сәйкестендіру нөмірлерін беруіне және пайдалануына, жануарлардың орнын ауыстыруына, дерекқор мәліметтерінің толықтығы мен дұрыстығына бақылауды жүзеге асыратын пайдаланушылар үшін дерекқорға қолжетімділік тиісті мемлекеттік органдардың, ұйымдардың барлық пайдаланушыларына олардың өтінімі бойынша беріледі (саны шектелмейді).

23. Дерекқорға қолжетімділік мына пайдаланушыларға беріледі:

1) жеке және занұды тұлғалар;

2) ауыл шаруашылығы құралымдарында, шаруа, фермер қожалықтарында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қантардағы № 7-1/68 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11127 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларының (бұдан әрі - Бірдейлендіру қағидалары) 27-тармағына сәйкес бірдейлендіру рәсімдерін және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 16-07/332 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9639 болып тіркелген) бекітілген Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және өткізу қағидаларының (бұдан әрі - Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және өткізу қағидалары) 15-тармағына сәйкес қан сынамаларын алуды жүзеге асыратын аталған ауыл шаруашылығы құралымдарының, шаруа, фермер қожалықтарының ветеринариялық дәрігерлері;

3) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың, ветеринариялық пункттерді қоса алғанда, ветеринария саласындағы мамандары;

4) Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес құрылған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы мамандары;

5) ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары бөлімшелерінің қызметкерлері;

6) ведомствоның және оның аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері;

7) уәкілетті органның қызметкерлері;

8) өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдардың (ішкі істер органдары, кеден және шекара қызметтері және оларға бекітіліп берілген функцияларды жүзеге асыру үшін дереккордан мәліметтер қажет ететін басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдар) қызметкерлері.

24. Дереккор ашық және жабық бөліктерден тұрады.

Дереккордың ашық бөлігінде (логин мен құпиясөз талап етілмейді) мынадай ақпарат қолжетімді:

1) республика, облыс, қала, аудан және ауылдық округ бойынша есепке алынған ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түрлерінің статистикасы;

2) алдын ала жануардың жеке нөмірін көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары туралы ақпарат;

3) пайдалы ақпарат (нормативтік құқықтық актілер, анықтамалық материалдар);

4) ведомствоның аумақтық бөлімшелерінің байланыс ақпараты.

Жабық бөлігі ауыл шаруашылығы жануарларын есепке қоюға/есептен шығаруға, диагностикалық және аллергиялық зерттеулердің нәтижелерін қоса алғанда, ауыл шаруашылығы жануарларына жүргізілетін профилактикалық ветеринариялық

іс-шараларды тіркеуге, кепілді тіркеуге, ашық бөлімге жатпайтын басқа да ақпаратқа арналған және авторландыруды (логин мен құпиясөз болуы қажет) талап етеді.

25. Осы Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген дерекқордың ашық бөлігіндегі ақпарат барлық жеке және занды тұлғалар үшін қолжетімді (логин мен пароль талап етілмейді).

26. Осы Қағидалардың 23-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген ауыл шаруашылығы құралымдарының, шаруа, фермер қожалықтарының, ветеринариялық дәрігерлері үшін дереккорда мынадай функциялар қолжетімді (логин және құпиясөз болуы қажет):

1) олар қызмет көрсететін ауыл шаруашылығы құралымдарында (шаруа, фермер қожалықтары және басқа да шаруашылық субъектілері) бар ауыл шаруашылығы жануарлары бойынша осы Қағидалардың 38-тармағында көрсетілген мәліметтерді енгізу;

2) олар қызмет көрсететін ауыл шаруашылығы құралымдарында, шаруа, фермер қожалықтарында бар ауыл шаруашылығы жануарлары бойынша дереккорға енгізілген (бар) мәліметтерді өзектендіру (жаңарту);

3) олар қызмет көрсететін ауыл шаруашылығы құралымдарында, шаруа, фермер қожалықтарында бар ауыл шаруашылығы жануарлары бойынша дереккордағы мәліметтерді талдау және өндеу.

Осы Қағидалардың 38-тармағында көзделген, олар қызмет көрсететін аймақта бар ауыл шаруашылығы жануарлары бойынша мәліметтерді дереккорға енгізуді, өзектендіруді (жанартуды) ауыл шаруашылығы құралымдарының, шаруа, фермер қожалықтарының авторландырылған ветеринариялық дәрігері ғана жүзеге асырады.

27. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған ветеринариялық пункттердің және мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы мамандары үшін дереккорда мынадай функциялар қолжетімді (логин және құпиясөз болуы қажет):

1) функционалдық міндеттеріне, бекітіліп берілуіне, ветеринариялық пунктпен, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйыммен жасалған еңбек шартына сәйкес олар қызмет көрсететін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде бар ауыл шаруашылығы жануарлары бойынша осы Қағидалардың 38-тармағында көрсетілген мәліметтерді енгізу;

2) функционалдық міндеттеріне, бекітіліп берілуіне, ветеринариялық пунктпен, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйыммен жасалған еңбек шартына сәйкес олар қызмет көрсететін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде бар ауыл шаруашылығы жануарлары бойынша дереккорға енгізілген мәліметтерді өзектендіру (жаңарту);

3) функционалдық міндеттеріне, бекітіліп берілуіне, ветеринариялық пунктпен, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құрған

мемлекеттік ветеринариялық ұйыммен жасалған еңбек шартына сәйкес олар қызмет көрсететін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде бар ауыл шаруашылығы жануарлары бойынша дерекқордағы мәліметтерді талдау және өндедеу.

Осы Қағидалардың 38-тармағында көзделген, олар қызмет көрсететін аймақта бар ауыл шаруашылығы жануарлары бойынша мәліметтерді дерекқорға енгізуі, өзектендеруді (жанартуды) ветеринариялық пункттердің және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы мамандары ғана жүзеге асырады.

28. Ветеринариялық пункттерді қоспағанда, облыстардың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы мамандары үшін дерекқорда функционалдық міндеттеріне, бекітіліп берілуіне және облыстың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйыммен жасалған еңбек шартына сәйкес олар қызмет көрсететін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде бар ауыл шаруашылығы жануарлары бойынша мәліметтерді дерекқорда талдау және өндедеу функциясы (логин және құпиясөз болуы қажет) қолжетімді.

29. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары бөлімшелерінің ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын қызметкерлері үшін дерекқорда тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде бар ауыл шаруашылығы жануарлары бойынша мәліметтерді дерекқорда талдау және өндедеу функциясы (логин және құпиясөз болуы қажет) қолжетімді.

30. Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес құрылған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы мамандары үшін дерекқорда оларға бекітіліп берілген функцияларды орындау кезінде ауыл шаруашылығы жануарлары бойынша мәліметтерді дерекқорда талдау және өндедеу функциясы (логин және құпиясөз болуы қажет) қолжетімді.

31. Ведомствоның және оның аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері үшін дерекқорда мынадай функциялар қолжетімді (логин және құпиясөз болуы қажет):

1) оларға бекітіліп берілген функцияларды орындау кезінде ауыл шаруашылығы жануарлары бойынша дерекқордағы мәліметтерді талдау және өндедеу;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ауыл шаруашылығы құралымдарының, шаруа, фермер қожалықтарының ветеринариялық дәрігерлерінің, ветеринария саласындағы мамандарының дерекқорға мәліметтерді уақтылы және дұрыс енгізуін бақылау;

3) жануарлар иелерінің жануарларға сәйкестендіру нөмірлерін беруі мен пайдалануын, жануарлардың орын ауыстыруын, дерекқор мәліметтерінің толықтығы мен дұрыстығын бақылау;

4) дерекқордағы мәліметтерді жинақтау, талдау, оларды сақтауды қоса алғанда, өз жұмысында пайдалану;

5) дерекқордың бағдарламалық құралдарын жетілдіру;

6) дерекқорды жүргізудің ұйымдастырушылық және әдістемелік қағидаттарын әзірлеу және жетілдіру.

32. Уәкілетті органның қызметкерлері үшін дерекқорда мынадай функциялар қолжетімді (логин және құпиясөз болуы қажет):

1) оларға бекітіліп берілген функцияларды орындау кезінде ауыл шаруашылығы жануарлары бойынша дерекқордағы мәліметтерді талдау және өндіру;

2) дерекқор мәліметтерін жинақтау, талдау, олардың сақталуын қоса алғанда, өз жұмысында пайдалану;

3) дерекқордағы бағдарламалық құралдарды жетілдіру;

4) дерекқорды жүргізудің ұйымдастырушылық және әдістемелік қағидаттарды әзірлеу және жетілдіру.

33. Мемлекеттік органдардың (ішкі істер органдарының, кеден және шекара қызметтінің) қызметкерлері үшін дерекқорда оларға бекітіліп берілген функцияларды орындау кезінде дерекқордағы жануарлардың жеке нөмірлері бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының иелері туралы мәліметтерді салыстырып-тексеру функциясы (логин және құпиясөз болуы қажет) қолжетімді.

34. Дерекқордағы құпия ақпаратқа қолжетімділік Ақпараттандыру туралы заңға сәйкес реттеледі.

35. Басқа ақпараттық жүйелерден дерекқорға немесе керісінше мәліметтерді беру Ақпараттандыру туралы заңға сәйкес жүзеге асырылады.

36. Дерекқор тәулік бойы қолжетімді.

Оператор 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей дерекқор жұмысындағы жоспарланған техникалық үзілістер туралы ақпаратты уәкілетті органның интернет-ресурсында және дерекқорда орналастыра отырып, бұл туралы пайдаланушыларды хабардар етеді.

### **3-тaraу. Дерекқор қалыптастыру және жүргізу тәртібі**

37. Дерекқор қалыптастыру және жүргізу жануарлардың иесі туралы және бірдейлендірілген жануарлар туралы мәліметтерді енгізу, сондай-ақ оларға өзгерістер енгізу жолымен жүзеге асырылады.

38. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу мыналардан тұрады:

1) жануарлар иесі туралы мәліметтерді енгізу (жаңарту):

заңды тұлғалар үшін: атауы, орналасқан жері, заңды тұлға тіркелген мекенжай, өндіріс объектісінің есепке алу нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН);

жеке тұлғалар үшін: аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, тұрақты тұратын жерінің мекенжайы, өндіріс объектісінің есепке алу нөмірі (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН));

2) бірдейлендірілген жануарлар туралы мәліметтерді енгізу (жаңарту):

жануардың жеке нөмірі;

тұқымдық немесе желілік тиесілілігі (бар болса);

жынысы;

түрі;

лақап аты (бар болса);

дерекқорға мәліметтерді енгізгеннен кейін өзгертуге жатпайтын түу туралы деректер (жасы, туған күні) (жануардың түу туралы мәліметтер дерекқорға енгізілген сэттен бастап жануардың жасын автоматты түрде есептеу жүзеге асырылады);

жануардың шығу тегі туралы мәліметтер (сатып алу, түу, импорттау, сыйға тарту, пайдалану құқығын беру, иелену және жануардың шығу тегінің басқа да жағдайлары);

жануарды есепке қою күні;

өлу (қырылу) туралы деректер: өлу (қырылу) фактісінің анықталған күні, өлу (қырылу) себептері;

союға жіберілген күні, сою күні, сою себебі (тек санитариялық сою кезінде), занды тұлғаның атауы (жеке тұлғалар үшін - аты, әкесінің аты (бар болса), тегі), ЖСН), жануар сойылған (сойылған) өндіріс объектісінің есепке алу нөмірі мен мекенжайы, БСН-сы, көрсетілген жануардың сойылғаны туралы деректер (өткізу үшін, жеке тұтыну үшін, санитариялық сою үшін);

жануарды алып қою және жою туралы деректер: алып қою және жою себебі, күні, занды тұлғаның атауы (жеке тұлғалар үшін - аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, ЖСН-сы), жануар алып қойылған және жойылған өндіріс объектісінің есепке алу нөмірі мен мекенжайы, БСН-сы;

өткізу туралы деректер: сатуға жіберілген күні, сату қуні, занды тұлғаның атауы (жеке тұлғалар үшін - аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, ЖСН-сы), жануар өткізілген өндіріс объектісінің есепке алу нөмірі және мекенжайы, БСН-сы, елді мекеннің атауы. Жануар өткізуге жіберілген жағдайда, дерекқорда "өткізуге арналған" деп көрсетіледі және жануар өткізілген жағдайда, дерекқорда жануардың жана иесі туралы мәліметтер көрсетіле отырып, "өткізілді" деп көрсетіледі. Жануар өткізілмеген жағдайда, онда дерекқорда себептері көрсетіле отырып "өткізуге арналған" мәртебесі "қайта есепке қою" мәртебесіне өзгереді;

жануардың жоғалғаны туралы деректер: жоғалған күні, занды тұлғаның атауы (жеке тұлғалар үшін - аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, ЖСН-сы, есепке алу нөмірі және мекенжайы, БСН-сы;

жануардың жеке нөмірінің жоғалғаны туралы деректер: жоғалған күні, жоғалу себебі, жануардың жаңа жеке нөмірі жануардың бұрынғы жеке нөміріне байланыстырылуы тиіс;

жануардың мұліктік тиесілілігі анықталмаған ауыл шаруашылығы жануарларын үақытша тіркеу туралы деректер (жануарлардың иелерін анықтау мүмкін еместігі - иесіз, қараусыз жануарлар);

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 246-бабына сәйкес жануарлардың мұліктік тиесілілігі анықталғанға дейін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органының жануарды үақытша тіркеуі;

3) жануарлардың орнын ауыстыру туралы мәліметтерді енгізу (жаңарту):

орын ауыстыру күні мен себебі (жайылымға, шалғайдағы жайылымға шығару және басқа да орын ауыстыру себептері);

жануардың кеткен және (немесе) жіберілген және келген иесі туралы деректер, әкімшілік-аумақтық бірлік:

занды тұлғалар үшін: атауы, орналасқан жері, занды тұлға тіркелген мекенжай, өндіріс объектісінің есептік нөмірі, БСН-сы;

жеке тұлғалар үшін: аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, тұрақты тұратын жерінің мекенжайы, есепке алу нөмірі (бар болса), ЖСН-сы;

жануарлар импорталған немесе экспорталған жағдайда - импортталған немесе экспортталған елдің (әкімшілік аумақтың) аты.

Жануарларды бір әкімшілік-аумақтық бірліктен басқа әкімшілік-аумақтық бірлікке ауыстыру кезінде жануарлардың орнын ауыстыруы туралы мәліметтер осы Қағидалардың 26, 27, 29 және 31-тармақтарында көрсетілген жануарлардың келген жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктегі пайдаланушылардың дереккорында көрсетіледі.

4) Жануарлар саулығының жай-күйі, жануарларды карантиндеу, ветеринариялық-профилактикалық, емдік іс-шаралар мен диагностикалық зерттеулер жүргізу және олардың нәтижелері туралы мәліметтерді, олардың жүргізілген күнін көрсете отырып, енгізу (жаңарту).

Дерекқорға мәліметтерді енгізу, мәліметтерді жаңарту ветеринариялық іс-шараларды жүргізу, жануардың тууы, пайдалану, иелену, сатып алу, сату, ұрлау, сою немесе өлу (қырылу) құқығын беру процесінде осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

39. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы мамандары (бұдан әрі - ветеринария саласындағы маман) Бірдейлендіру қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу туралы ведомостің, Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық

іс-шараларды жоспарлау және жүргізу қағидаларының 1 және 3-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша жүргізілген ветеринариялық іс-шаралар туралы актінің және қан сынамаларын алу актісінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 7-1/19 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10410 болып тіркелген) бекітілген Сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру қағидалары негізінде осы Қағидалардың 38-тармағында көрсетілген ветеринариялық іс-шаралар бойынша мәліметтерді дереккорға енгізууді жүзеге асырады.

Ауыл шаруашылығы құралымдарының, шаруа, фермер қожалықтарының ветеринариялық дәрігерлеріне осы Қағидалардың 38-тармағында көрсетілген, олар қызмет көрсететін ауыл шаруашылығы құралымдарында, шаруа, фермер қожалықтарында бар ауыл шаруашылығы жануарлары бойынша мәліметтерді енгізуге жол беріледі, оларды дереккорда ветеринария саласындағы мамандар растайды.

40. Дереккорға енгізілген (бар) мәліметтерді өзгерту (түзету, қате енгізу, мәліметтерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу) ведомство мен оның аумақтық бөлімшелері тарапынан ұсынылған түзетулдердің дұрыстығы нақтыланғаннан кейін ғана мүмкін болады. Дереккорға енгізілген (бар) мәліметтерді өзгертуді (түзетуді, қате енгізууді, мәліметтерге өзгерістер мен толықтырулар енгізууді) оператор ведомствомен келісу негізінде ғана жүзеге асырады.

Дереккорға енгізілген (бар) мәліметтерді өзгерту (түзетулар, қате енгізу, мәліметтерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу) туралы деректер дереккорда сақталады.

Туу туралы деректер (жасы, туған күні) мәліметтер дереккорға енгізілгеннен кейін өзгерілмей (түзетілмей) тиіс.

41. Байланыс болмаған кезде немесе дереккормен жұмыс істеу жөнінде осы Қағидалардың 38-тармағында көрсетілген мәліметтерді дереккорға енгізуге (өзектілендіруге, жаңартуға) кедергі келтіретін басқа да себептер болған жағдайда, ветеринария саласындағы маман енгізілген деректерді қолда бар алынатын ақпарат тасығыштарға, оның ішінде деректерді мұрағаттау мақсатында түсіреді және деректердің дереккорға түсірілуін қамтамасыз етеді. Байланыс болмаған кезде немесе осы Қағидалардың 38-тармағында көрсетілген мәліметтерді дереккорға енгізуге (өзектілендіруге, жаңартуға) кедергі келтіретін басқа да жағдайлар болған жағдайда, ветеринария саласындағы маманға байланыс бар басқа әкімшілік-аумақтық бірліктердің дереккорына мәліметтерді енгізуге жол беріледі.

42. Жануарлар иесінің талабы бойынша осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша өтініш тіркелген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ветеринария саласындағы маман осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша

ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордан үзінді береді, ол бір данада басып шығарылады, лауазымын көрсете отырып, ветеринария саласындағы маман қол қояды.

Ауыл шаруашылығы  
жануарларын бірдейлендіру  
жөніндегі деректер  
базасын қалыптастыру, жүргізу  
және одан үзінді көшірмелер  
беру қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан/Форма

**Пайдаланушының есепке алу жазбасын тіркеуге (жасауға) және ақпараттық жүйеге (дерекқорға) қол жеткізу құқықтарын беруге (немесе оны өзгертуге) арналған өтінім/ Заявка на регистрацию (создание) учетной записи пользователя и предоставления ему (или изменения его) прав доступа к информационной системе (базе данных)**

Сұраймын /Прошу \_\_\_\_\_

(өтінім берілетін негіздемені көрсете отырып, пайдаланушыға ақпараттық жүйеге қолжетімділік беру, бұғаттау, құқықтарын өзгерту)/(предоставить доступ, заблокировать, изменить права пользователя к информационной системе, с указанием

основания, по которому подается заявка)

№ п/п	Пайдаланушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі, логині, № компьютерінің IP-мекенжайы/ Фамилия, имя, отчество (при его наличии), индивидуальный идентификационный номер, логин, IP-адрес компьютера пользователя	Пайдаланушы лауазымының, өтінім берушінің құрылымдық бөлімшесінің атауы/ Наименование должности пользователя, структурного подразделения заявителя	Қолжетімділік берілетін ақпараттық жүйенін (дереккөрдің) атап / Наименование информационной системы (базы данных), к которым предоставляется доступ	Ақпараттық жүйеде (дереккөрда) жүзеге асырылатын функциялардың (эрекеттердің) атауы / Наименование функций (действий), осуществляемых в информационной системе (базе данных)

Деректерді электрондық мекенжайға жолдауларыңызды сұраймыз/Данные просим направить на электронный адрес \_\_\_\_\_.

\_\_\_\_\_  
(Басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)/(фамилия, имя, отчество (при его наличии), подпись руководителя)

20 жылғы/года "\_\_\_"

Ауыл шаруашылығы  
жануарларын бірдейлендіру  
жөніндегі деректер  
базасын қалыптастыру, жүргізу  
және одан үзінді көшірмелер  
беру қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан/Форма

**Пайдаланушыларды тіркеу және дербес бірегей логиндерді, құпиясөздерді беру журналы/Журнал регистрации пользователей и выдачи персональных уникальных логинов, паролей**

№ п/п	Өнір/өтініш берушінің хатының шығыс нөмірі, күні және иесі хатының кіріс нөмірі, күні / Регион/исходящий номер, дата письма заявителя и входящий номер , дата письма владельца	Колжетімділік берілетін ақпараттық жүйелердің (дерекқорлардың) атауы/ Название информационной системы (базы данных), которым предоставляется доступ	Пайдаланушыларды тіркеу және дербес бірегей логиндерді, құпиясөздерді беру күні/Дата регистрации пользователей и выдачи персональных уникальных логинов, паролей	Негіздемелеме / Основание	Оператордың аты, әкесінің аты (бар болса), тегі/ Фамилия, и м я , отчество ( при его наличии) оператора	Ескертпе / Примечание

Ауыл шаруашылығы  
жануарларын бірдейлендіру  
жөніндегі деректер  
базасын қалыптастыру, жүргізу  
және одан үзінді көшірмелер  
беру қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан/Форма

---

(облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрган мемлекеттік ветеринариялық үйымның атауы/наименование государственной ветеринарной организации, созданной местными исполнительными органами областей, городов республиканского значения, столицы)

---

---

(мал иесінің аты, экесінің аты  
(бар болса), тегі, жеке  
сәйкестендіру номері немесе  
занды тұлғаның атауы, бизнес  
сәйкестендіру нөмірі /фамилия,  
имя, отчество (при наличии)  
владельца животного,  
индивидуальный  
идентификационный номер или  
наименование юридического  
лица, бизнес-  
идентификационный номер)

## Өтініш/Заявление\*

Сізден ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордан  
жануардың жеке нөмірін көрсете отырып, мына жануарларға үзінді көшірме беруінізді  
сұраймын/Прошу Вас предоставить выписку из базы данных по идентификации  
сельскохозяйственных животных на следующие животные, с указанием  
индивидуального номера животного:

---

---

---

---

(мал иесінің қолы/подпись владельца животного)

(толтырылған күні/дата заполнения)

Примечание: \*мал иесінің өтініші өз қолымен толтырылады/заявление владельца  
животного заполняется собственноручно

Ауыл шаруашылығы  
жануарларын бірдейлендіру  
жөніндегі деректер  
базасын қалыптастыру, жургізу  
және одан үзінді көшірмелер  
беру қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан/Форма

\_\_\_\_\_ күнге ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі  
дерекқордан үзінді көшірме/ Выписка из базы данных по идентификации  
сельскохозяйственных животных на дату \_\_\_\_\_

---

---

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атасы/Наименование области, города республиканского значения, столицы

Ауданның (облыстық маңызы бар каланың) атасы/Наименование района (города областного значения)

Аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округтің атауы/Наименование города районного значения, поселка, села, сельского округа

Иесінің аты, экесінің аты (бар болса), тегі немесе ауыл шаруашылығы жануарлары тиесілі заңды тұлғаның атасы/фамилия, имя, отчество (при наличии) владельца или наименование юридического лица, которому принадлежат сельскохозяйственные животные:

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі/индивидуальный идентификационный номер/ бизнес-идентификационный номер)

Импортталған/ Импортировано				
Кепілде тұр/ Находится в залоге				
Бірдейлендіру әдісі/ Метод идентификации				

Берілген күні/Дата выдачи: \_\_\_\_\_

---

(Үзінді көшірмені берген қызметкердің, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы, қолы/

фамилия, имя, отчество (при наличии), должность, подпись сотрудника, выдавшего  
выписку)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК